

**"Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 13 сәуірдегі N 371 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 шілдедегі N 774 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 13 сәуірдегі N 371 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасы Президентінің  
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 13 сәуірдегі  
N 371 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

"Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы Заңының 5-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Мемлекеттік органдардың мәліметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызу жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды тұлғаларының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 13 сәуірдегі N 371 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., N 18, 186-құжат, 2004 ж., N 21, 263-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

аталған Жарлықпен бекітілген мемлекеттік органдардың мәліметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызу жөніндегі өкілеттік берілген лауазымды тұлғаларының тізбесінде:

"Жалпы ережелер" деген бөлімде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы мен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысына "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11, 12, 13, 14-баптарында айқындалған барлық мәліметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызу ж ө н і н д е ө к і л е т т і к б е р і л е д і .

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің Кеңесі өзара келісуден кейін өздерінің құпияландыруға жататын мәліметтердің ведомстволық тізбелерін бекітеді.;

1 - б ө л і м д е :

1 - б а ғ а н д а :

"Президент Әкімшілігінің Басшысы", "Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы," деген сөздер алынып тасталсын;

"Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің төрағасы" деген сөздер "Төтенше жағдайлар министрі" деген сөздермен ауыстырылсын;

он үшінші абзацта "Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттіктің төрағасы" деген сөздер алынып тасталсын;

жиырмамыншы, жиырма бірінші абзацтарда "Көлік және коммуникациялар министрі" деген сөздер алынып тасталсын;

2-бағанның 18) тармақшасында "шекара әскерлері қызметінің негізгі түрлерін" деген сөздер "Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің негізгі қызмет түрлерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - б ө л і м д е :

1 - б а ғ а н д а :

"Президент Әкімшілігінің Басшысы", "Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы," деген сөздер алынып тасталсын;

"Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің төрағасы" деген сөздер "Төтенше жағдайлар министрі" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма тоғызыншы абзацта "Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттіктің төрағасы" деген сөздер "Төтенше жағдайлар министрі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - б а ғ а н д а :

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының жаңа банкноталары мен монеталарын шығару және (немесе) оларды ауыстыру туралы мәліметтер, егер оларды ауыстыру шешім қабылданған күннен бастап және осы мәліметтерді оларды айналысқа шығару туралы жариялау үшін бұқаралық ақпарат құралдарына берген сәтке дейін банкноталар мен монеталарды (мерейтойлық және атаулы күндерге арналғандардан басқа) айналыстан алып тастауға әкеп соқтыратын болса.;"

18) тармақшада "Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттарын," деген сөздер алынып тасталсын;

30) тармақшаның мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

3 - б ө л і м д е :

1 - б а ғ а н д а :

"Президент Әкімшілігінің Басшысы", "Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы," деген сөздер алынып тасталсын;

алтыншы абзацта "Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің төрағасы" деген сөздер "Төтенше жағдайлар министрі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-бағанның 4) тармақшасында "бекіту," деген сөз алынып тасталсын;

4 - б ө л і м д е :

1 - б а ғ а н д а :

"Президент Әкімшілігінің Басшысы," "Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы," деген сөздер алынып тасталсын;

он төртінші абзац ", Қаржы министрі" деген сөздермен толықтырылсын;

2 - б а ғ а н д а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Барлау, қарсы барлау қызметінің күштерін, құралдарын, көздерін, әдістерін, жоспарларын, жай-күйін, ұйымдастырылуын, нәтижелерін, сондай-ақ қылмыстық процесте қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты деректер ретінде пайдаланылмаған жедел-ізвестіру қызметінің нәтижелерін ашып көрсететін мәліметтер. Барлау, қарсы барлау, жедел-ізвестіру қызметін қаржыландыру туралы деректер, егер олар санамаланған мәліметтерді ашып көрсететін болса.";

8), 9) тармақшаларда "шекара әскерлерінің" деген сөздер "Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақшада "нақты адамдардың ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі бөлімшелерге қатыстылығын" деген сөздер "ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі бөлімшелердің күштерін, құралдарын және әдістерін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Мемлекеттік органдар үш ай мерзімде өздерінің құпияландыруға жататын мәліметтердің ведомстволық (салалық) тізбелерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*